

Саятши

- I -

Қарашілік – бұйыры қыстау. Таудың қысаң қолтығын қуалай өскен шілікті тоғай мейлінше қою. Бойшаң қыздың тоқ бұрымындаш шұбатыла созылып барып кілт үзіледі. Тал жиегіндегі тас қоралы екі үйдің біреуі Кәдіш молланікі. Оған таяу Ысқақтар тұрады. Саятшының үй-қорасы биік шоқыға таман. Қорага тіркес үйдің терезелері құбылаға қараған. Түстікті мегзеген сыртқы қақпа ұлкен. Қанатын жая ашылғанда түйелі шана емін-еркін кіріп шыға береді. Кіре берісте сол қол жақта шағын шошала, оған тұспа-тұс қоржын үйдің есігі. Қарағайдан қилюастырған оюлы есік шебер қолдан шыққандығын байқатып жеңіл ашылып, жеңіл жабылады. Қазақты тұрмысқа қолайлы қоржынның екі басы тәрізденген бөлменің біреуі – қонақжай, екіншісі – отағасының құттыханасы. Кіреберісте қазандық. Тоқсыра қалаған сары қидың қызыуна бусанған шұнақ құлақ қара қазан тоқтық белгісін танытып қақпағынан бу атады. Терезелердің кәсегі қиуолы, әйнектері жақында ғана ұстасқан қабыршық мұздай мөпмөлдір. Сырттағы шуақ ішке емін-еркін төгіледі. Іргелес түкпір бөлменің есігі сыртта.

Бұған кіріп шығатындар сараң, тек Жамалекең ғана бас сұғады. Қыздырманың күлін алыш, күніне бір мезгіл от жағу – дағдылы машығы. Мұндағы жасау жұпымыны, қыз жасауындаш әлемішті емес, салт жігіттің жатын орнындаш жинақы. Төрге түрі айшықты текемет, оюлы сырмақ жайылған. Ағаш төсекте көрпе, жастық жиуолы. Қанаты кең, дөңгелек үстелге шашақты жібек дастарқан жабылған. Бір қабырғаны инежіптен жаңа шыққан шым тұсқиіз алыш түр. Тұс киізге жағалай ақынның әр кездегі киген киімдері ілінген. Бұрышта талдан иілген тербелмелі бесік. Сәкенін бөллеген бесігін Жамал жабдығын шығармай қастерлең ұстайды.